

**Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне 1992 жылы туылған азаматтарды кезекті тіркеу және медициналық куәландыру жайлы**

***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық әкімиятының 2008 жылғы 15 желтоқсандағы N 5 шешімі. Ақтөбе облысының Ырғыз аудандық Әділет басқармасында 2009 жылдың 6 қаңтарда N 3-5-84 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық әкімиятының 2009 жылғы 9 желтоқсандағы N 8 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық әкімиятының 2009.12.09 N 8 шешімімен**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" N 74 Заңының 17-бабын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 2006 жылғы 5 мамырдағы N 371 қаулысын орындау үшін, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 33, 37-баптары негізінде **ШЕШЕМІН:**

1. 2008 жылдың 14 қаңтары мен 31 наурызы аралығында Ырғыз аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркелу жасы 17-ге толатын 1992 жылы туылған азаматтарды, сонымен қатар, бұрын тіркеуден өтпеген, тұрақты немесе уақытша Ырғыз ауданының аумағында тұратын ересек жастағы азаматтарға тіркеу жүргізілсін.

2. Барлық селолық округтер әкімдеріне, мекеме басшылары мен мектеп директорларына аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне шақырылғандарды дер кезінде хабардар ету, олардың қажетті іс-құжаттарымен келуін қамтамасыз ету тапсырылсын.

3. "Ырғыз аудандық орталық аурухана" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігеріне (Ж.Сүлейменов):

Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 18,44-баптарының негізінде неғұрлым даярлығы жоғары, іс-тәжірибесі бар маман дәрігерлер бөлу, оларды дәрігерлік құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, тіркеу уақытында анықталған науқасы бар жастарға дәрігерлік көмек көрсету, ауруханаға жатқызып емдеу, оған бақылау шараларын алу, жүргізілген жұмыстардың барысы жайлы аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне хабарлама жасап тұру ұсынылсын.

4. Аудандық білім бөлімі (Н.Жүсіпов):  
Аудан мектептерінде оқитын барлық 1992 жылы туылған жасөспірімдерді толық тіркеуге алуды бақылауды жүзеге асырсын.

Тіркелу кезінде анықталған барлық орта білімі жоқ жасөспірімдердің кейіннен күндізгі және сырттай жалпы білім беру мектептерінде білім алуын қамтамасыз етсін.

5. Аудандық ішкі істер бөліміне (А.Қанымбаев):  
Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 18-бабына сәйкес:

1) комиссия өтіп жатқан уақытта шақыру бөлімінде тәртіпті сақтау мақсатында ішкі істер бөлімінен 2 қызметкер бөлу;

2) "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңын орындаудан бұлтарушыларды іздестіру, оларды ұстаудың шараларын алу ұсынылсын.

6. Барлық селолық округ әкімдеріне аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне шақырылған азаматтарды шақырылған күні арнайы жабдықталған жылы көлікпен жеткізуді қамтамасыз ету тапсырылсын.

7. Аудандық әділет басқармасына (Ж.Төрежанұлы):  
Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 18-бабында қарастырылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

8. Аудандық қаржы бөлімі (Ә.Аяпберген):  
азаматтарды кезекті тіркеу жөніндегі іс-шараларды уақытында қаржыландырсын.

9. Шақыру учаскесіне тіркеу жөніндегі жұмыстарға тартылған барлық қызметкерлердің осы міндеттерді атқару уақытында жұмыс орны, атқаратын қызметі және жалақысы сақталсын.

10. Ырғыз аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімге (М.Ыбраев) осы шешімнің орындалуы жайлы 2008 жылдың 5 сәуіріне аудан әкіміне хабарлама беру ұсынылсын.

11. Шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

12. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Шахинге және қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің бастығы М.Ыбраевқа жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*М.ДУАНБЕКОВ*